«БЕКІТЕМІН»
Әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректор
_____ Ж.М. Акимов
«_01_» _09_____ 2023 ж.

УЕ-04-02/02

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2023

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Әлеуметтік мәдени даму бөлімінің басшысы _____ Д.Е. Бейсембаева
«___» _____2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Әкімшілік бөлімінің басшысы _____ Қ.Ж. Тубеков
«___» _____2023 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы _____ А.П. Ермухамедова
«___» _____2023 ж.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және мей

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Халықаралық туризм және меймандостық университетінің» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) Студенттік парламенті (бұдан әрі – Парламент) Университеттің студенттік өзін-өзі басқарудың алқалы, өкілді және үйлестіруші органы болып табылады.

1.2 Парламент білім алушылардың Университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, студенттердің тіршілік әрекетінің маңызды мәселелерін шешу, олардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру мақсатында Университет студенттік өзін-өзі басқару мен Университет әкімшілігінің өзара бастамасы бойынша құрылады.

1.3 Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Университеттің Жарғысын, Университеттің нормативтік актілерін, Университеттің білім алушының ар-намыс, этика және мінез-құлық кодексін және «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ студенттік парламент туралы ережесін (бұдан әрі – Ереже) басшылыққа алады.

1.4 Парламент – тікелей Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің басшысына бағынады.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Парламент қызметінің мақсаты азаматтық мәдениетті, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуін, дербестігін, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға жәрдемдесу, білім алушылардың Университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, білім алушылардың бойында бірлесіп басқару дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, оларды қоғам өміріне компенттік қатысуға дайындау болып табылады.

2.2 Парламенттің міндеттері:

2.2.1 Белсенді азаматтық ұстанымы бар жоғары білікті мамандарды даярлауға байланысты мәселелерді шешуге қатысу;

2.2.2 Университетте білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2.2.3 Университеттің студенттік бірлескен басқару органдарына, Университеттің студенттік бірлестіктеріне студенттердің бос уақытын және тұрмысын ұйымдастыру, отбасы құндылықтарын және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша міндеттерді шешуде көмек көрсету;

2.2.4 Студенттердің санасын арттыруға, мемлекет, қала, Университеттің дәстүрлеріне патриоттық қатынасты арттыруға бағытталған жұмысты ұйымдастыруда басшылыққа жәрдемдесу;

2.2.5 Университет студенттері мен басқа да ЖОО арасындағы өзара байланысты нығайту;

2.2.6 Университетте және Түркістан қаласында еріктілер қозғалысын дамытуға жәрдемдесу;

2.2.7 Университет студенттерінің қоғамдық маңызды бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу.

3. ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1 Парламент сайлау нәтижелері негізінде құрылады.

3.2 Парламент мәжіліс отырысы Университеттің жұмыс жоспарымен келісілген белгіленген күндері өтеді.

3.3 Парламент, парламент қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін бірыңғай және жалғыз алаң болып табылады, оған қатысушылар мынадай мәселелерді қарауға құқылы:

3.3.1 Парламент туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды тұжырымдау;

3.3.2 Парламенттің жауапты лауазымды адамдарының есебін тыңдау және бекіту;

3.3.3 Қызметтің басым бағыттарын анықтау;

3.3.4 Парламенттің жұмыс жоспарын бекіту;

3.4 Парламент жұмысына төраға басшылық етеді.

3.5 Студентік парламент жұмысын үйлестіруді парламент хатшысы жүзеге асырады.

4. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

4.1 Парламент төрағасының функционалдық міндеттері.

4.1.1 Студенттік Парламент Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне Университет студенттері атынан әрекет етеді.

4.1.2 Университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен өзара іс-қимылда Университет студенттерінің мүдделерін қорғайды;

4.1.3 Парламент хатшысы мен студенттік ұйымдардың жетекшілерінің қызметін үйлестіреді;

4.1.4 Парламенттің жұмыс жоспарын бекітеді, парламенттің шешімдері мен қаулыларына қол қояды, парламент хатшысы мен студенттік ұйымдардың жетекшілеріне тапсырмалар береді;

4.1.5 Әрбір өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін парламент «Әлеуметтік мәдени даму» бөліміне есеп береді;

4.1.6 Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

4.2 Парламент хатшысының функционалдық міндеттері:

4.2.1 Парламент төрағасының жұмысын және студенттік ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

4.2.2 Студенттік ұйымдардың келісілген жұмысын ұйымдастырады;

4.2.3 Студенттік парламенттің құжаттарын жүргізуге және оның мүшелерінің деректер базасын қалыптастыруға жауап береді;

4.2.4 Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5. ПАРЛАМЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Парламент өкілеттігіне шығатын мәселелерді шешу үшін жылына 4 рет мәжіліс өткізіледі, оған парламенттің барлық мүшелері қатысады

5.2 Парламент мәжіліс отырыстарында төраға немесе ол болмаған кезде, студенттік ұйымдардың жетекшілерінің бірі төрағалық етеді.

5.3 Парламенттің шешімдері және ережелері, егер мәжіліске парламент мүшелерінің жалпы санының 50% - дан астамы қатысса, заңды болып табылады.

5.4 Мәжілістің қорытындысы бойынша парламент хатшысы мәжілістің хаттамасын жасайды, оған хатшы мен парламентте төрағалық етуші қол қояды.

5.5 Парламенттің қызметін қамтамасыз ету:

5.5.1 Университет әкімшілігі парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шығыстарды көтереді;

5.5.2 Парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін Университет әкімшілігі қажетті кабинеттерді, байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті

материалдарды, құралдар мен жабдықтарды өтеусіз пайдалануға береді. Парламент төрағасы берілген мүлікті мақсаты бойынша пайдаланғаны үшін жауапты болады.

6. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

6.1 Университеттің Студенттік парламентіне сайлау:
– еріктілік;
– жариялылық;
– дұрыс пікір;
– тең құқылық.

7. САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

7.1 Студенттік парламентке сайлау және сайлану құқығы Университеттің күндізгі оқу бөліміндегі кез келген курстың студенті болуы мүмкін.

7.2 Қандай да бір артықшылықтарға немесе сайлау құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

8. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ МІНДЕТТЕРІ

8.1 Студенттік парламентке сайлауды ұйымдастыру және өткізу міндеттері алдыңғы сайланған Студенттік парламентке жүктеледі.

9. САЙЛАУ МЕРЗІМІ

9.1 Студенттік парламентке сайлау оқу жылының басында жылына 1 рет өткізіледі.

9.2 Өткізу мерзімі мамыр айында Студенттік парламенттің мәжіліс отырысында анықталады.

9.3 Студенттік парламенттің шешімі бойынша мерзімінен бұрын сайлау немесе Студенттік парламенттің қосымша құрамын сайлау өткізілуі мүмкін.

9.4 Студенттік парламенттің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну құқығы:

9.4.1 Күндізгі оқу бөлімінің барлық студенті Студенттік парламенттің мүшелігіне өз кандидатурасын ұсына алады.

9.4.2 Академиялық топ студенттері осы студенттің қалауы бойынша Студенттік парламенттің мүшелігіне топ өкілі ретінде кандидатураны ұсына алады.

10. САЙЛАУ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

10.1 Сайлаудан бір ай бұрын Университетте сайлау алдындағы науқан өткізіледі. Оны өткізу кезінде сайлау комиссиясына әрбір кандидат өзінің сайлауалды бағдарламасын плакат түрінде ұсынуы тиіс.

10.2 Сайлау өткізу күні, уақыты және орны туралы Университет сайтында және инстаграм парақшасында хабарландыру тақтасында хабарландыру жасалынады;

10.3 Студенттік Парламенттің төрағасын арнайы құрылған комиссия тағайындайды

10.4 Сайлау хаттамасын хатшы жүргізеді.

10.4 Сайлау екі бағытта жүргізіледі: онлайн және офлайн. Онлайн – барлық студенттер сайт арқылы дауыс береді. Офлайн – бекітілген комиссия мүшелерінің дауысы арқылы анықталады.

10.5 Студенттік парламент 1 жылға бекітіліп, жылдық жоспары құрылады.

11. САЙЛАУ ӨТКІЗУ

11.1 Сайлау комиссиясына әрбір кандидат баяндамамен, өзінің сайлау алдындағы бағдарламасының тұсаукесерімен, студенттердің алдында үндеумен және т.б. сөз сөйлеуге құқылы.

11.2 Барлық үміткерлер сөз сөйлегеннен кейін дауыс беруден өтеді. Дауыс беру нысанын (құпия немесе ашық) конференция төрағасы анықтайды. Конференцияның әрбір студенті тек бір кандидатқа дауыс беруге құқылы.

11.3 Кем дегенде 3 адамнан тұратын есеп комиссиясы әрбір кандидат үшін дауыстарды санауды орындайды.

11.4 Конференция төрағасы дауыс беру нәтижелерін жариялайды.

11.5 Сайлау хаттамасына сайлау комиссиясының хатшысы мен төрағасы қол қояды.

12. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРАМЫ

12.1 Жаңадан сайланған Студенттік парламент кемінде 10 мүшеден тұруы тиіс.

12.2 Егер сайлау нәтижелері бойынша студенттік парламенттің құрамы белгіленгеннен аз болса, онда жалпы тәртіппен қайта сайлау өткізіледі.

12.3 Егер қайта сайлау нәтижелері бойынша Студенттік парламенттің қажетті сандық құрамын қалыптастыру мүмкін болмаса, онда жұмыс істеп тұрған Студенттік парламент төрағасы «Әлеуметтік-мәдени даму бөлімімен» бірге келесі оқу жылында Студенттік парламент қызметінің бағыттары және келесі оқу жылында студенттік парламентке келесі сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

12.4 Сайланған алдыңғы жылғы Студенттік парламент жаңадан құрылған Студенттік парламенттің бірінші мәжіліс отырысынан кейін өз қызметін тоқтатады.

13. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ТӨРАҒАСЫН, КОМИТЕТТЕРДІҢ ТӨРАҒАЛАРЫН ЖӘНЕ СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ХАТШЫСЫН САЙЛАУ

13.1 Парламенттегі студенттік министрлер мен студенттік парламенттің хатшысы парламент мүшелерінің көпшілік дауысымен, парламент мүшелерінің арасынан Студенттік парламенттің бірінші мәжіліс отырысында сайланады.

13.2 Жаңадан сайланған Студенттік парламенттің бірінші мәжіліс отырысын студенттік паралменттің экс төрағасы жүргізеді.

14. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ

14.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Студенттік парламент құрамының 2/3 дауысымен енгізіледі.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1 Студенттік парламент туралы ереже Университеттің Әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара

16. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Парақ нөмірлері			Өзгерістерді енгізу негізі	Қолы	Өзгерістерді енгізген тұлғаның аты-жөні	Күні	Өзгерістердің енгізілген күні
	ауыстырылған	жаңа	жойылған					

17. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Т.А.Ж	Лауазымы	Күні	Қолы
1	Нартолеуқызы Аяжан	клуб-координатор	1.09.2023	
2	Сатыбалды Сабина	вице-ректор	01.09.2023	
3	Куренова Нилуфар	БАҚ министрі	01.09.2023	
4.	Сейтнев Ануар	белсенді	01.09.2023.	
5.	Кыраубай Жоғары	Спорт министрі	01.09.2023	
7	Батырбек Жидэ	белсенді	1.09.2023	
8	Еламан Аяна	белсенді	1.09.2023	
9.	Бакытбек Сабина	белсенді	1.09.2023	
10.	Отенбергенова Сабина	белсенді	1.09.2023	